

Чинасилова А.М.,
Шеденова Н.У.

Қарт адамдардың өмірлік қанағаттанушылықтары туралы әртүрлі теориялық бағыттардағы түсініктер

Халықтың қартаюуы – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясаты үшін сын-тегеуірін және жаңа мүмкіндіктер. Егде және қарт адамдардың әлеуметтік жағдайын қазіргі кезде қоғамда орын алып отырған әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістерден бөліп қарастыру мүмкін емес. Зейнеткерлік жүктеменің өсуі, жұмыс күшінің қысқаруы мен қартаюуы, медициналық және әлеуметтік көмек көрсету жүйелеріне жүк түсуі, халықтың қарт адамдарының денсаулық жағдайын жақсарту, білім, жұмысбастылық мүмкіндіктері мен басқа да әлеуметтік белсенділіктерін қолдану. Бұл тікелей сандық анықтап сипаттауға болмайтын категория. Біздің елдегі демографиялық тенденциялар бүкіл әлемде жүріп жатқан үрдістерге ұқсас әрі қартайған жастағы адамдардың абсолютті және салыстырмалы сандық үлесінің қарқынды жүруін сипаттауда. Қазіргі кездегі қазақстандық қоғамда халықтың абсолютті санының құрылымының ұлғаюуы және қарт адамдар мен кәрілік жас үлесінің көбейуі экономикалық, әлеуметтік және моральдық этикалық мінез-құлықтың бірқатар салдарына алып келіп отыр.

Түйін сөздер: қарт адамдар, өмірлік қанағаттанушылық, қарт адамдардың әл-ауқаттылығы, халықтың қартаюуы.

Chinassilova A.,
Shedenova N.

Understanding the life satisfaction of the elderly in various theoretical approaches

The aging of the population-challenges for the social and economic policy of state and new opportunities. The social position of older people in modern conditions is inseparable from the social, political and economic changes taking place in society. The growth of the pension load reduction and aging of the workforce, the growth of the load on the system of health and social care, the improvement of health, education, employment opportunities and other forms of social activity of the population. This category is not directly quantifiable. Number of elderly people in Modern Kazakhstan society is growing. The growth of the elderly and older economic, social, moral and ethical behavior have led to a number of consequences.

The article is considered an understanding of the life satisfaction of the elderly in various theoretical approaches and study of the problem of life satisfaction in elderly and senile age. The factors of well-being of older people. The factors of life satisfaction of older people are healthy, individual income, place of residence, social status, having a job. For the welfare of an aging society requires specific state policy measures: to ensure the best opportunities for the maintenance of health, the creation of urban environment friendly to elderly, measures to continue working, take particular care of the oldest age groups of the population.

Key words: elder people, life satisfaction, well-being of elderly people, an ageing population.

Чинасилова А.М.,
Шеденова Н.У.

Понимание удовлетворенности жизнью пожилых в различных теоретических подходах

Старение населения – вызовы для социально-экономической политики государства и новые возможности. Социальное положение пожилых и старых людей в современных условиях неотделимо от социальных, политических и экономических изменений, происходящих в обществе: рост пенсионной нагрузки, сокращение и старение рабочей силы, рост нагрузки на системы медицинской и социальной помощи, улучшение состояния здоровья, образования, возможностей занятости и других форм социальной активности населения. Эта категория не поддается прямому количественному определению. Демографические тенденции в нашей стране аналогичны тенденциям во всем мире и демонстрируют нарастание абсолютного и относительного количества лиц преклонного возраста. В современном казахстанском обществе нарастание доли абсолютного количества лиц преклонного возраста, рост пожилых людей и старшего возраста привели к ряду последствий. В статье рассматривается понимание удовлетворенности жизнью пожилых в различных теоретических подходах и исследования проблемы удовлетворенности жизнью в пожилом и старческом возрасте. Изучены факторы благополучия пожилых людей. Факторами удовлетворенности жизнью пожилых людей являются здоровье, индивидуальный доход, место жительства, социальный статус, наличие работы.

Ключевые слова: пожилые люди, удовлетворенность жизнью, благополучие пожилых людей, старение населения.

**ҚАРТ АДАМДАРДЫҢ
ӨМІРЛІК
ҚАНАҒАТТАНУШЫ-
ЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ
ӘРТҮРЛІ ТЕОРИЯЛЫҚ
БАҒЫТТАРДАҒЫ
ТҮСІНІКТЕР**

Кіріспе

Қазіргі кездегі әлем жылдан жылға қартаюуда. Адамзаттың демографиялық процестері алпыс жастан асқан қарт адамдардың үлесінің ұлғаюымен сипатталуда. Көптеген дамыған елдерде бастау алған бұл тенденция, бүгінгі күні дамушы елдерде де тарап отыр. Жалпы өлім-жітімнің төмендеуі, соның ішінде сәби өлімінің де, үлкен жастағы адамдар арасындағы өлім деңгейінің де төмендеуі өмір сүрудің едәуір ұзаруына алып келді. Сонымен қатар, өніп-өсу деңгейі азаюда, нәтижесінде халықтың орта буынымен бірге қарт адамдардың үлесі күрт өсуде. БҰҰ-ның болжамы бойынша, 60 жас және одан асқан халықтың саны 2013 жылдан 2050 жылға дейінгі аралықта дамыған елдерде 287 млн.-нан 417 млн. адамға дейін өседі, ал дамушы елдерде сәйкесінше 554 млн.-нан 1,6 млрд. адамға дейін. Осы ғасырдың ортасына қарай қарт адамдардың үлесі дамыған елдерде 32%-ға, ал дамушы елдерде 19%-ға жетеді [1].

Халықтың қартаюуы – қазіргі кезде өмір сүрудегі әлемдік мәселе. БҰҰ эксперттері бойынша Қазақстанда қартаюу үрдісі шапшаң жүріп жатқан елге жатқызды. БҰҰ-ның Қазақстандағы халық санының 2030 жылға берген есебіндегі болжамы бойынша 65 және одан жоғары жастағы тұрғын халық үлесінің 2010-2015 жылдарға қарай 7,2%-ға дейінгі шамаға төмендейтінін көрсетеді. Одан әрі халықтың айқын көрінетін «қартаюу» үдерісі күтілуде, соның нәтижесінде егде жастағы адамдардың үлесі 2030 жылға қарай 11,5%-ға дейін өседі. Мұндай болжам қазақстандықтардың лайықты қарттығын ойдағыдай қамтамасыз ету үшін демографиялық үрдістерді есепке алу арқылы әлеуметтік-экономикалық саясат әзірлеудің өзектілігі туралы тұжырым жасауға дәйек болып отыр. Халықтың жас аралық құрылымында орын алып жатқан өзгерістер, яғни қарт адамдардың мәселелері ғалымдардың назарына ілігуде.

Негізгі бөлім

Біздің елімізде үлкен жастағы адамдардың жағдайлары ерекше мәнге ие болуда. Қазіргі кездегі қоғамда орын алып жатқан әлеуметтік-экономикалық қайта құрылымдардың жал-

ғасуына байланысты Қазақстан халқының әлауқаттылығының тұрақсыздығына әкеледі және де ең алдымен зейнеткерлік жастан асқан адамдар басқа буындарға қарағанда қолдау мен мемлекеттің қорғауына аса зәру. Қалыптасып қалған көзқарас бойынша қарт адамдарды әлеуметтік қорғау мемлекет тарапынан зейнеткерлік қамсыздандыру мен әлеуметтік қызмет көрсету түрінде жүзеге асырылады. Елімізде әлеуметтік қызмет көрсетудің стационарлы формасы бар. Ол арнайы мекемелерде – ардагерлер мен қарттар үйлерінде жүргізіледі, оларға деген қажеттілік қарттар тарапынан әрдайым өсуде. Әлеуметтік үйлердің маңызды қызметтерінің бірі бұл тұрғындардың қанағаттанушылықтары мен әлеуметтік белсенділіктерінің мүмкін болатын деңгейін сақтап әрі қолдап отыру үшін жан-жақты сұраныстарын қамтамасыз ететін жағдай жасау болып табылады. Қарт адамның өмірлік қанағаттанушылығы көбіне өмір сүру жағдайына байланысты екені күмәнсіз, бірақ олармен шектеліп қалмайды. Зерттеулер көрсеткендей, бір стационарда өмір сүретін қарттардың (өмір сүру жағдайлары ұқсас) өмірлік қанағаттанушылық деңгейі едәуір ерекшеленеді. Әлеуметтік үйлерде тұратын қарт адамдардың өмірлік қанағаттанушылық проблемасы аса өзекті, себебі ол жерде әрдайым түрлі әлеуметтік, медико-әлеуметтік және психологиялық мәселелердің орын алуынан болып отыр. Бүгінгі күні қарт адамдарға байланысты жүргізілген зерттеулерде (Л.И. Анцыферова, Н.Ф. Шахматов) бақытты және өнімді қарт идеясына кеңінен қарастырылуда. М.В. Ермолаева бойынша, «өмір сүру қанағаттанушылықты эмоционалды уайымдауды сипаттайтын, қарттықтағы өмір сапасының глобалды бағасы мен мәні» өте күрделі әрі толықтай зерттелмеген феномен болып табылады [2].

Өмірлік тәжірибе көрсеткендей, адам аса қиын жағдайға түскен кезде де қуанудың кілтін таба біледі. Өмірлік қанағаттанушылықты уайымдау ресурсы бұл тұлғаның өзі, оның тәжірибесі мен жеке тарихы. Өмірлік тәжірибе потенциалы қарт адамдарда өзіндік сананың қалыптасуына ықпал етеді және өзіндік баға беруді жоғарлатады. Л.И. Анцыферова, Р. Батлер, А.Г. Лидерс, Н.Ф. Шахматов, Э. Эриксон және т.б. бойынша үлкен жаста адам өзінің өмірлік жолын қабылдауы маңызды рөл атқарады. Л.И. Анцыферованың сөзімен «соңғы жылдары өмірдің өнімді болуының маңызды жағдайы – бұл субъектінің барлық кезеңдерден өткен және өзінің өткен шағы, қазіргі кезі мен болашағының интеграциясы» [3].

Өмірлік қанағаттанушылық тұлғаның өзінің өткен шағына, қазіргі кезіне және болашағына байланысты болатынын, сонымен қатар осы уақыт аралығында болған оқиғаларға берген бағаларына байланысты екенін бірқатар авторлар көрсетеді. Бірақ, аталған ерекшеліктерден басқа, тұлғаның өмірлік жолының көптеген өзге де сипаттамаларын бөліп көрсетуге болады, мысалы, оқиғалардың мазмұны, өмірінің жеке бір кезеңдерінде орын алған ерекше оқиғалармен толы болуымен және т.б., олардың өмір сүру қанағаттанушылығымен байланысты екені қазіргі кезде әлі зерттелмеген, анықталмаған.

Жүйелік ыңғай өмірлік жолдың субъективті картинасын сипаттауда маңызды рөл атқарады, әйтседе, бүгінгі күні қарт адамдардың өмірлік жолының субъективті картинасы мен өмірлік қанағаттанушылықтық байланысын зерттеген кешенді зерттеулер жоқтың қасы.

Ғылыми әдебиеттерде адамның әлауқаттылығын және өмірінің ерекшеліктерін жалпылай сипаттап беру үшін, «өмірлік қанағаттанушылық» (life satisfaction) терминімен бірге мазмұны жағынан ұқсас бірнеше ұғымдар қолданылады: «өмір сапасы» (quality of life), «өмірдің субъективті сапасы», «субъективті әлауқаттылық» (psychological (subjective) well-being (wellness)), «бақыт» (happiness). Ең алдыменен, бұл ұғымдарды авторлар қалай анықтайтынын және олардың өзара арақатынасын қалай талдайтынын қарастыру қажет. Э.П. Васильеваның анықтауы бойынша, өмір сапасы – бұл «тіршілік етуде объективті жағдайларды қамтитын және олардың индивид пен қоғам деңгейіндегі бағаланып отырған теориялық жүйесі».

Қартаю – бұл жасы келуіне байланысты индивидуалдық деңгейде алда күтілетін өмір сүру ұзақтығының қысқаруына алып келетін әрі қоғамдық деңгейде де халық құрамында да қарт адамдардың санының ұлғаюына апаратын топтық құбылыстың жалпылама түрде көрініс алуы. Адам қартая отыра, ол жас аралық құрылымнан, үздіксіз әлеуметтену процесінен өтеді, яғни қажетті және күтілетін рөлдер кешенін меңгереді әрі индивидтің «соңғы» жасының немен толы болатыны толықтай өзіне байланысты болады. Әлеуметтік қартаю болмауы мүмкін немесе ұзақ уақытқа созылады. Бұлай болу индивид қартаюды қоғаммен байланыстыруына қарай және қарт адамдардың мінез-құлқы мен әлеуметтік рөлдерді қалай орындауына байланысты болады.

Іскерлік теорияның жақтастары, егде адамдар қоғамның тұрақты дамуы мен жақсы жұмыс жасай алу мақсатында, жас және орта жасында-

ғы өздеріне тән белсенді рөлдерін сақтап қалуы тиіс деп санайды. Бұл теорияның апологеттері «табысты қарттық» теориясын ұсынды, яғни өмір сүру стилін сақтау қажеттілігі барлық тұлғаға тән.

Адаптация теориясы бойынша өмірлік қанағаттанушылық әр адам қазіргі жағдайымен өзінің өткен шағымен салыстыра отыра анықталады. Белгілі-бір маңызды оқиғадан кейін өзінің өмірлік қанағаттанушылығын бағалау күрт өзгеруі мүмкін, әйтсе де уақыт өте қайта орнына келеді. Яғни, өмірде орын алған оқиға қысқа уақытқа субъективті әл-ауқаттылыққа әжептәуір әсер етеді, содан кейін адаптация болғаннан кейін бұрынғы орнына қайтып келеді. Б. Хеди мен А. Уиринг лонгитюдтік зерттеу нәтижесінде мұндай феномен «субъективті әл-ауқаттылықтың динамикалық тепе-теңдігі» деп атады [4].

Қазіргі кездегі түсінікте «өмір сапасы» ұғымының өзгешелігі, әлеуметтік әл-ауқаттылықтығы мен психологиялық, физикалық жағдайын сипаттайды, ол өзіне объективті де субъективті де критерийлерді қамтиды. Соныменен, О.В. Краснова, А.Г. Лидере қарт адамдардың өмір сапасының құрамдас бөлшектеріне келесілерді жатқызады:

қарт адамдардың индивидуалды сипаттамалары: функционалды қабілеттері, физикалық және ақыл-ой денсаулығы, байланыстылық, этникалық топтың құрамында болуы, тапқа тиістілігі, гендерлік сипаттамасы;

физикалық қоршаған орта факторлары: жақсы демалысқа әсер етушінің, бәрі, тұрғын үй стандарты, айналысын бақылау, жайлылық деңгейі мен қауіпсіздігі, тәртіптің болуы;

әлеуметтік қоршаған орта факторлары: әлеуметтік және шығармашылық белсенділік деңгейі, отбасы мен әлеуметтік желі, ұйымдармен байланыс;

әлеуметтік-экономикалық факторлар: табыс, тамақтану, өмір сүру стандарты, әлеуметтік-экономикалық статус;

тұлғалық дербестік факторлары: таңдау жасау қабілетімен мүмкіндік, күнделікті тұрмысты бақылау;

субъективті қанағаттанушылық: қарт адамның өзінің бағалауы бойынша өмір сапасы;

тұлғалық факторлар; психологиялық әл-ауқаттылық, адамгершілік, өмірлік қанағаттанушылық, бақыт [5].

Объективті ыңғай өмірлік қанағаттанушылықты жалпылама, бақытты сезінумен, адамның өмірге деген қанағаттанушылығын анықтайтын негізгі факторлар мен детерминанттарға, өмір

сапасының иерархиялық құрылымы мен негізгі көрсеткіштеріне және т.б. зерделеумен байланысты.

Субъективті ыңғай адамның қанағаттанушылық деңгейін зерттеумен шектеліп қана қоймады, бұл ыңғайды жақтаушылар бойынша өмір сапасы өмірдің басқа да әлеуметтік, рухани, мәдени, психологиялық және адамгершілік жақтарына қатысты критерийлермен анықталады. Өмірдің субъективті сапасы адам қажеттіліктерін кешенді жүзеге асыру нәтижесі. Көбіне «өмірдің субъективті сапасы» терминіне синоним ретінде «субъективтілік әл-ауқаттылық» ұғымы қолданылады.

Нақты адамның «субъективтілік әл-ауқаттылығы» адам өмірінің жеке жақтарын бағалауы арқылы қалыптасады, олар субъективті әл-ауқаттылық сезіміне ұштасады. Л.В. Куликов субъективтілік әл-ауқаттылықты өзара байланыстан және өзара шарттылықтан жинақталатын құрамдас бөлшектердің интегралды пайда болуы ретінде қарастырған:

әлеуметтік әл-ауқаттылық – қоғам құрамында болатын индивидтің тұлғааралық байланысқа және өзгеде өзінің әлеуметтік статусы мен қоғамның әл-ахуалына қанағаттанушылығы;

рухани әл-ауқаттылық – рухани мәдени байлыққа қол жеткізу мүмкіндігі, өз өмірінің мәнін сезіну мен алаңдауы (Құдайға, өзіне немесе тағдырға деген сенімі), дінге сену еркіндігі;

физикалық (денелік) әл-ауқаттылық – жақсы физикалық хал-жайы, дене шымырлылығы, амандық-саулық сезімі және т.б.

материалдық әл-ауқаттылық – өз өмірінің материалдық игіліктеріне қанағаттанушылық, молшылық ауқаттылық тұрақтылығы, өзіндік толықтай қамсыздандырылғандық;

психологиялық әл-ауқаттылық (жан жайлылығы) – психикалық процестердің реттелгендігі, тұлға жарасымды, тұтастық сезімі, ішкі тепе-теңдік [6].

Қарттық шақта қарттар қаншалықты бақытты, олардың өмірлік қанағаттанушылығы қаншалықты және оған қандай факторлар әсер ететіне туралы көптеген зерттеулер бар, солардың нәтижелеріне тоқталсақ, онда:

Жыныс бойынша. Гендерлік фактор өз бетімен қарт адамдардың субъективті әл-ауқаттылығын анықтауда маңызды болып есептелмейді. Әйтсе де бақытты болудың белгілі бір детерминанттары – мысалы, отбасылық фактор, білім – қарт әйелдер мен ерлер үшін әртүрлі деңгейде көрсетілгені анықталған. Айырмашылық көбінесе елдің өзгешелігінен анықталған.

Тұрғылықты мекені. Мегаполисте тұратын адамдардың басқа қалалық және ауылдық аудандарда тұратындармен салыстырғанда олардың өмір сүру қанағаттанушылығы кем. Өмірлік қанағаттанушылық ауылдық тұрғындарда қалалықтарға қарағанда жоғары. Субъективті өмір сапасы мен қоршаған ортаның өзара белгілі бір тәуелділік байланыс жоқ.

Денсаулық және салауатты өмір сүру салты. Денсаулық – үлкен жастағылар үшін субъективті әл-ауқаттылық факторлары аса маңыздыларының бірі, әсіресе – мүмкіндігі шектеулі қарт адамдар үшін және ұзақ өмір сүрушілер үшін. Салауатты өмір сүру салты қарт адамдардың субъективті әл-ауқаттылығына физикалық белсенділік оңтайлы ықпал етеді.

Білім. Оңтайлы, әйтседе субъективті әл-ауқаттылыққа әлсіз ықпал етеді.

Табыс. Қарт адамдардың индивидуалды табыстары өмірлік қанағаттанушылығына оңтайлы әсерін тигізеді. Жұмысбастылық статусы. Жұмыс жасаудан оңтайлы тәуелділік бақыты (ресми жұмыс жасайтындар да, еріктілер де).

Әлеуметтік статус. Адамның әлеуметтік статусы немесе оның қоғамдағы позициясы басқа адамдарға қатысты – субъективті әл-ауқаттылықтың алдын-ала болжаушысы.

Отбасылық статус. Бірге тұратын ерлі-зайыптылар жалғыз тұратын адамдарға қарағанда өздерінің субъективті әл-ауқаттылығын жоғары бағалайды. Әйелдер үшін отбасылық статус ерлерге қарағанда маңызды фактор деп есептейді.

Балалар. Балаларымен байланыс – әсіресе жалғыз басты қарттар үшін субъективті әл-ауқаттылықтың маңызды детерминант екені анықталған [8].

Қорытынды

Қорытындылай келе, егде жастағы және үлкен жастағы қарттар үшін бақытты болудың негізгі және жалпылық факторлары болып: денсаулық жағдайы, индивидуалды табысы, мекен ететін жері мен әлеуметтік статус табылады. Жас аралық факторы тек қарт әйелдер үшін ғана жас пен бақытты болу өзара байланысы маңызды екен.

Егде жастағы адамдар үшін өмірлік қанағаттанушылық, яғни бақытты болудың көптеген факторлары жалпы болпы шықты. Демографиялық өзгерістер заңды процесс әрі анықталған қарт адамдардың өмірлік қанағаттанушылық факторларын ескере отыра, егде жастағы адамдарға қатысты әлеуметтік саясат тек әлеуметтік қамтамасыз етумен ғана емес, сонымен қатар егде жаста белсенді өмір сүру жағдайларын жасау іс-шараларымен айналысу керек, яғни мемлекетте қартаю бойынша кешенді стратегия қалыптастырған жөн. Ерекше мәнді өсіп келе жатқан соңғы үлкен жастағы адамдар тобының қажеттіліктеріне назар аудару керек, олардың денсаулығын сақтап қалуға оңтайлы жағдай жасау және еңбектік қызметін жалғастыруға мүмкіндіктер жасау керек, қарттарға ынтымақты орта қалыптастырған жөн.

Әдебиеттер

- 1 World Population Prospects (UN (2013). The 2012 Revision. – United Nations: New York, Vol. <http://esa.un.org/unpd/wpp>
- 2 Ермолаева М.В. Культурно-исторический подход к феномену жизненного опыта в старости // Культурно-историческая психология. – 2010. – №1. – С. 112-118.
- 3 Анцыферова Л.И. Психологическое содержание феномена субъект и границы субъектно-деятельностного подхода // Развитие личности и проблемы геронтопсихологии. – М.: Изд. «Институт психологии РАН», 2004. – С. 350-364.
- 4 Heady B., Wearing A. Personality life events, and subjective well-being: toward a dynamic equilibrium model // Journal of personality and social psychology. – 1989. №57. – P. 731-739.
- 5 Краснова О.В., Лидере А.Г. Социальная психология старости: Учеб пособие. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 288 с.
- 6 Куликов Л.В. Субъективное благополучие личности // Ананьевские чтения – 97. – СПб., 1997. – С. 162-164
- 7 Колосницына М., Хоркина Н., Доржиев Х. Факторы удовлетворенности жизнью в пожилом возрасте и политика государства // International Conference «GSOM Emerging Markets Conference: Business and Government Perspectives» St. Petersburg University Graduate School of Management, 2014. – с.738-748.

References

- 1 World Population Prospects (UN (2013). The 2012 Revision. United Nations, New York, Vol. <http://esa.un.org/unpd/wpp>
- 2 Yermolayeva M.V. The cultural-historical approach to the phenomenon of experience in old age // Cultural-Historical Psychology. – 2010. – № 1. – S.112-118.

3 Antsyferova L.I. The psychological phenomenon of the subject content and the limits of subject-activity approach // Personality development and problems gerontopsychology. – M.: Publishing House «Russian Academy of Sciences Institute of Psychology», 2004. – S.350-364.

4 Heady B., Wearing A. Personality life events, and subjective well-being: toward a dynamic equilibrium model // Journal of personality and social psychology. – 1989. No 57. – P. 731-739.

5 Krasnov O.V., Lidars A.G. Social psychology of old age: Textbook allowance for students. Executive. Proc. institutions. – M.: Publishing center «Academy», 2002. – 288 p.

6 Kulikov L.V. Subjective well-being of the person // Ananevskijreading – 97. – SPb., 1997. – С. 162-164.

7 Kolosnitsyna M., Khorkina N., Dorzhiev H. Factor slife satisfaction in old age and state policy // International Conference «GSOM Emerging Markets Conference: Business and Government Perspectives» St. Petersburg University Graduate School of Management October 16-17, 2014. – с.738-748.